

Семей полигоны. Қазақстан кеше және бүгін.

Болатбек Жансая
Дарынды қыз балаларға арналған
қазақ-түрік лицей-интернатының
9 «А» сынып оқушысы
Мұғалімі: М.Ж. Қарамурзина
Boлатbekova.Z_0027@mail.ru

«Семей полигоны» сөзін естігенде қай-қайсымыз да түрлі ойға шоамыз. Біреуіміз осы үлкен апатта зардап шеккен халықтың күй-жайын ойлап, жүрегімізді жанашырлық сезімі толтырса, кей жандар осы жамандықтың алдын алған Елбасымызды, ой тастап, жан ұшырған мемлекет қайраткерлерін мақтан тұтар. Алайда кез-келген жүректің түкпірінде бір қуаныш бары анық, өйткені біз бұл сұмдықты көрмедік және болашақ ұрпағымыз да көрмейді. Иә, Семей полигоны заңды түрде жабылды, Семей халқы енді қайғы-қасіреттен айырылды. Тек Семей қаласы үшін емес, бұл тарихи шешім бүкіл Қазақстанды жарқын болашаққа жетелеп, әлемнің саяси-экономикалық өміріне үлкен өзгерістер алып келді.

Бұл оқиғаны сөзбен жеткізу оңай болғанымен, шын мәнісінде ол ұзақ уақыт қозғалып, тәуелсіздік алынғанша дейін халқымызға залалын тигізіп, қиындық тудырды. Семей полигоны КСРО министрлері одағының шешімі бойынша 1947 жылы 19 тамызда құрылды. Ресей хандығы өздері құрастырған атом бомбаларын, қаруларын сынақтан өткізу мақсатында Семей, Қарағанды, Павлодар облыстарынан мыңдаған шақырым жер тағайындады. Әрине, бұл облыстардың ішінен ең үлкен зардап шеккені Семей. Осында 1949 жылы алғашқы сынақ өтті және кейінгі 40 жыл бойы жарылыстан көз аспады. Бұл сынақтар Орыс патшалығы үшін ядролық қару құрастырып, оларды тексеріп, жетілдіріп отырудың теңдесіз жолы болғанымен, дәл сол сынақтар КСРО құрамына енген қазақ елі үшін үлкен қайғы-қасіретке айналып, орны толмас зардапқа әкеліп соқтырғанын білеміз. Кім білер, егер «елім-жерім» деп өмір сүрген қазақ зиялы қауымы болмаса, біз әлі күнге шейін жарылыс пен сынақ алаңының эпицентрінде жүрер ме едік, бәлкім, ол сынақ алаңы бүкіл қазақ жерін жайпап алар ма еді? Қазіргі кезде бұл сұрақтарға үңіліп, бас ауыртатын жастар аз, өйткені бүгінгі күнде біздің туған еліміз егемен, жұртымыз бейбітшілікте өмір сүріп келеді. Бұл жағдайымыз үшін біз ұрпағының ертеңін ойлаған, Олжас Сүлейменов бастаған, мәселені көтерген белсенділер тобына алғысымызды айтуға міндеттіміз. Осының бәрін көзімен көріп, құлағымен естіп, қиынқыстау күндерде халықпен бірге болған ақын-жазушы аталарымыздан өлең-жырларына, шығармаларына қосып жырламағаны кем де кем шығар. Мысалы, дәл осы Семей полигоны туралы әнұранға айналған «Заман-ай» өлеңінде Ұлықбек атамыз:

Қайран елім, қайран жерім,
Қор болғаны-ай, жомарттығы сор болғаны-ай,
Жарылыстан көз аспаған далам-ай, -деп мұңын шаққан.

Кей ақпарат көздері Семей полигонында сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың қуаты бір кездері Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болғандығын жазады. Хиросимаға құлаған сол бомба нәтижесі қандай еді? Ал біздің отандастарымыздың шеккен зардабы одан мыңдаған есе үлкен болды. Аталмыш жарылыстар аз уақыт ішінде Семей облысының табиғаты орны толмас зардабын тигіді, бүкіл Шығыс Қазақстан облысының экологиялық жағдайын қатты нашарлатты, ал денсаулық деңгейі күрт төмендеді. Жарылыстан тараған улы заттар, шаң-тозаң, радиоактивті өнімдер, топырақ-бәрі қосылып көкке ұшты да, жақын арадағы ауылдар мен қоныстарды жауып қалды. Сынақ туралы хабары жоқ ауыл тұрғындары радиациялық сәуленің сұмдық дозасын алды. Ескерткен жағдайда да далада орналасқан сирек-сирек ауыл тұрғындары үй-жайларын тастап қайда барар еді? Ресей үкіметі оларға тіпті үйлерінің орнына баспана да ұсынған жоқ. Әрине, халық сынақ алаңында болғанына қарамастан ешқайда кетпеді деп ойлаймын. Оның үстіне үйі аман қалғандары ғана. Қанша дегенмен ондай жағдайда өмір сүрген адамдардың сырқаты көбейіп, көбісі қатерлі ісіктерге шалынды. Бұндай аурулардың кесірінен дұрыс жетілмеген, кеміс, ақыл-есінде ауытқулар бар сәбилер өмірге келе бастағаны анық. Сансыз жарылыстар жер бетінде де, астында да орын алғандықтан осы аймақтағы топырақ құнарсызданып, ауыл шаруашылығына үлкен зиянын тигізді. Тіпті жақсы пісіп жетілген жағдайда да топыраққа сіңген улы заттар тағам арқылы ағзамызға енді.

Бұл сұмдықты көрген кісілер үкімет пен халыққа сынақ алаңын жабу туралы үндеу жариялап ойларын іске асыру үшін «Невада-Семей» қауымдастығын құрды. Менің ойымша, ол елімізді орын алған проблемадан құтқару жолында үлкен қадам болды. Атом полигонының бар қиыншылығын көрген соң, біз тек елімізде емес, бүкіл әлемде ядролық жарылыстардың алдын алуды көздедік деп ойлаймын және өз мақсатымызға жеттік.

Қазіргі таңда еліміз ядролық қарудан бас тартқан алғашқы ел ретінде бақытты да бейбіт өмірді бастан кешіруде. Келешекте осындай мәселеге қайта тап болмаймыз деген ойдамын, өйткені арамызда сол 40 жыл ішінде полигон зардабын толықтай тартқан кісілер де бар ғой. Олар бізге бар ақылын айтып, тәубеге шақырып, дұрыс жол сілтеп жүргендей. Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын!